

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ/сынып Кіші «    »

Балалардың жасы 2 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2022 ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: эн, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Көңілді әуенге қуана білу, эн айтуға талпыну. Қарапайым әуенге шапалақтау, аяқпен бір уақытта топылдату.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғарғы және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарды орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру. Әуеннің ырғағына аяқтан аяққа тербелу қимылдарын қосу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка	Ән айтуда жетекшінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып эн айту. Эн айтуда дауысқа күш түсірмей, асықпай, айқайламай айтуды қалыптастыру. Бубен, сылдырмақ аспаптарын түрлі бинелік ойын қимылдарында қолдану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка	Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау. Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	Музыка тыңдай отырып таныс әуендерді және оларға тән ерекшеліктерді танып айта білуді қалыптастыру. Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, ән арасындағы кідірісті сақтау. Үйренген әнді айта отырып сәйкес қимылдар орындау, ересектердің қимылы мен дауыс интонациясына еліктеу, қайталау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка	Музыкалық-ырғақты қимылдарды кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру, оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Әнді орындауда сөзін анық айтуға дағдылану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка	Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып айту дағдыларын қалыптастыру. Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну (ересектердің қатысуымен).

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка	Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау (сылдырмақ, барабан, домбыра, қоңырау). Музыкалық фразалардың жоғарғы және төмен дыбысталыуын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Бірғақты және әуеннің жеке екпінін дұрыс жеткізіп, әннің сөзін есінде сақтау.